

«Әуе көлігінің жалпы курсы» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу.

2. Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: 10410100 «Әуе тасымалын ұйымдастыру», біліктілігі 4S10410102-«Әуе тасымалдарын ұйымдастыру жөніндегі агенті», 3W10410101-«Әуе тасымалын сату мен брондау жөніндегі агенті» мамандығына арналған «Әуе көлігінің жалпы курсы» пәні бойынша педагог қызметкерлерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Жалпы ережелер	01	Авиацияның даму тарихы Жер атмосферасының қысқаша сипаттамасы
		02	Ұшақтың негізгі құрылымдық бөліктері Әуе кемелерінің классификациясы және типтері
		03	Бірыңғай көлік жүйесіндегі әуе көлігі
02	Әуе көлігінің халықаралық ұйымдары	04	Халықаралық Азаматтық авиация ұйымы (ИКАО)
		05	Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (ИАТА)
03	Азаматтық авиация қызметін регламенттейтін негізгі құқықтық құжаттар	06	Авиатасымалдарды халықаралық регламенттеу
		07	Қазақстан Республикасында авиатасымалдарды мемлекеттік регламенттеу
04	Авиациялық тасымалдарды ұйымдастыру	08	Авиакомпанияның қызметі
		09	Әуежай қызметі
		10	Агенттердің, жүк агенттерінің қызметі
		11	Әуежайлар мен әуе желілерін жіктеу
05	Әуе тасымалдарының ерекшеліктері	12	Ұшуды қамтамасыз ету түрлері
		13	Рейстерді коммерциялық қамтамасыз ету
		14	ӨК коммерциялық жүктемесінің жіктелуі
		15	Тасымалдау құжаттарының түрлері

Мәтінмәндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық мәліметтер, сурет және т.б.).

4. Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:

Жалпы ережелер: Авиацияның даму тарихы. Ауадан ауыр ұшу аппараттарының тарихы. Ішкі

жану қозғалтқышы бар алғашқы ұшақ, алғашқы рейстер. Аэродинамика және атмосфера терминінің ұғымдары. Атмосфера қабаттарының құрылымы. Ұшақтардың құрылымдық схемалары. Қанаттың құрылысы. Ұшақтың негізгі жүйелері. Ұшу салмағы бойынша, мақсаты бойынша, тасымалдау түрлері бойынша, қозғалтқыш түрі бойынша, орналасуы бойынша, қанатының құлашы бойынша, фюзеляждың ұзындығы бойынша, деңгейлер саны бойынша әуе кемелерінің классификациясы мен типтері.

Ұшу қауіпсіздігін және әуе қатынастарының тұрақтылығын қамтамасыз ететін әуе көлігінің негізгі міндеттері. Әуе көлігінің артықшылықтары мен кемшіліктері сабақ барысында қолданылатын негізгі терминдер.

Азаматтық авиацияда әуе тасымалын басқару: ИКАО құрылу тарихы. ИКАО мақсаттары мен міндеттері ИАТА құру тарихы. ИАТА мақсаттары мен міндеттері. Мас мақсаттары мен міндеттері, сабақ барысында қолданылатын негізгі терминдер.

Азаматтық авиация әуе тасымалдарын регламенттеу: Халықаралық Азаматтық авиация туралы Конвенцияның (Чикаго, 1944 жылғы 7 желтоқсан) мақсаты мен негізгі ережелері, халықаралық әуе тасымалдарына қатысты кейбір ережелерді біріздендіруге арналған Конвенция (Варшава. 12.10. Халықаралық әуе тасымалдарының кейбір ережелерін біріздендіруге арналған Конвенция (Монреаль, 1999 жылғы 28 мамыр), "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі №540 "Жолаушыларды, багажды және жүкті әуе көлігімен тасымалдау қағидалары" бұйрығы. Сабақ барысында қолданылатын негізгі терминдер.

Авиациялық тасымалдарды ұйымдастыру: авиакомпанияның, әуежайдың, тасымалдарды сату жөніндегі агенттердің мақсаттары, міндеттері, функциялары. Жолаушылар және жүк тасымалдарын сату туралы ИАТА агенттік келісімінің мақсаты. Жердегі қызмет көрсету туралы ИАТА стандартты келісімінің мақсаты. Халықаралық және ішкі тасымалдар. Халықаралық әуежай. Әуежайда шекаралық, кедендік, фито-санитарлық, ветеринарлық бақылау сабақ өткізу барысында қолданылатын негізгі терминдер.

Мамандыққа кіріспе: әуежай қызметі, ұшуды қамтамасыз ету түрлері. Рейстерді коммерциялық қамтамасыз ету рәсімдері. Жолаушылардың ерекше санаттары, багаждың сыныптамасы, арнайы жүктер. Шарттық-есептік тасымалдау құжаттары, рейстік ұшу тасымалдау құжаттары, коммерциялық хат-хабар, өзге де әкімшілік тасымалдау құжаттары. Сабақ барысында қолданылатын негізгі терминдер.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1 - 1,5 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептеледі.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Асильбекова И.Ж., Гармаш О.В., Конакбай З.Е., Абжапбарова А.Ж. Общий курс ВТ, Алматы-2022
2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі №540 бұйрығы "Жолаушыларды, бағажды және жүкті әуе көлігімен тасымалдау қағидалары"»
3. Ефимов В.В. Основы авиации. Часть I. Основы аэродинамики и динамики полета летательных аппаратов: Учебное пособие. – М.: МГТУ ГА, 2012 – 64
4. Бажов Л. Б. Основы аэропортовой деятельности и обеспечения полетов : учеб. пособие УВАУ ГА(И), 2011
5. Сухушина Т.Н. Воздушные перевозки грузов. Алматы, АГА, 2013 г.
6. Троицкая Н.А. «Общий курс воздушного транспорта», Москва: 2014 г
7. А.Н. Медведев Устройство ВС и их систем, 1 часть, Алматы-2023г.